

СТУДЕНТТІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Студент:

- өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.
- үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.
- парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулермен шектеулерге жол бермейді.
- салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.
- оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, жатақхананың тәртібі мен тазалығын қадағалайды.
- оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.
- оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсайды
- академиялық ықылассыз іс-әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар, өзінің жеке еңбегінің нәтижесі ретінде Интернет-ресурстарын дайындау; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану; сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату т.б. әрекеттерге жол бермейді.
- болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.

Студент міндетті:

- колледж атынан жүргізіліп жатқан іс-шараларда немесе колледж аумағында жүргізілетін жұмыстарда саяси мәдениеттілікті сақтауға;
- оқытушыларды адал жолдан тайдырмауға, алдаумен байланысты жасалған кез келген іс-әрекетке араласпауға және оларға қатысты өздерін дөрекі және мәдениетсіз ұстамауға;
- емтихан тапсыру кезінде, тапсырма орындауда немесе жазбаша жұмыс қорғауда және басқа да білімді аралық бақылау кезеңінде көмек пайдаланбауға;

КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Колледждің қызметкерлері мен білім алушылары Ар-намыс кодексін білуі міндетті, қызметі мен мінез-құлқы үшін колледж қауымдастығы алдында жауапты.
2. Ар-намыс кодексі оқытушылар мен білім алатын студенттердің бәріне бірдей, тең дәрежеде ортақ іс.
3. Колледждің әрбір оқытушысы мен студенті осы кодекстің орындалуы үшін моральдық жауапты.
4. Кодекс ережелерінің бұзылуы колледж қызметкері мен студентінің мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.
5. Ар-намыс кодексінің орындалуын бақылау колледж студенттік өзін-өзі басқару ұйымына және бөлімше кеңестеріне жүктеледі.
6. Ар-намыс кодексі нормаларын бұзғаны үшін білім алушылар мен оқытушыларға келесідей шаралар қолданылуы мүмкін:
 - бұқара алдында кешірім сұрауға кепілдеме;
 - бөлімше немесе педагогикалық кеңесі мәжілісінде талқылау;
 - тәртіпті болуға ықпал ету.

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің педагогикалық кеңесінде қарастырылды және бекітілді.

29.08.2017ж. Хаттама №1